



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Аймақ жаңалықтары

Қызылорда қаласындағы «Өнер» орталығында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен, ҚР Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаты Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, құқық қорғау органдары, аумақтық департамент, басқарма басшыларының, зиялы қауым, ата-аналар комитеті өкілдерінің, мектеп директорлары, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, сала мамандарының қатысуымен «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» атты кеңейтілген мәжіліс өтті. Аймақ басшысы білім саласында атқарылған жұмыстарға, ұрпақ тәрбиесіндегі ауқымды міндеттерге тоқталды.

Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы



– Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы «Тәртіп жалпыға ортақ құндылыққа, ал заңға бағыну әркімнің өмір салтына айналуы тиіс. Ол үшін әскерден ұрпақтың бойына осы бастан жасампаздық қасиеттерді сіңіріп, оларды тәртіпке баулу қажет» деп балаларға терең әрі тағылымды тәрбие берудің маңыздылығын атап өтті. Бұл тұрғыда қоғамда «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыру, балалардың мүддесін, құқығы мен бостандығын қорғау – баршамыздың міндетіміз. Сәт сайын өзгеріп, көз ілеспес жылдамдықпен дамуға бет алған бүгінгідей дәуірде рухани құндылықтар мен ұлттық тәрбие өзегінен ажырап қалмау керек. Бұл – маңызды мәселе! Біздің ең бірінші міндетіміз – балаларымыздың жан-жақты, сапалы білім және саналы тәрбиелілуіне қолайлы жағдай жасап, жайлы ортақалыптастыру. Аймағымыздың білім беру саласына 2022-2025 жылдары 1 трлн 159 млрд теңге бөлінді. 2022 жылдан бері 42 заманауи білім беру нысаны салынып, пайдалануға берілді. «Келесек мектептері» ұлттық жобасы жобасы аясында 10 жаңа мектеп салынып, ел игілігіне табысталды. 2023 жылдан бері 9 мектеп жанынан қосымша ғимарат бой көтеріп, үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты, – деді облыс әкімі.

Жұмында Жұлдыз Досбергалиқызы, Наурызбай Сейткалиұлы, Мұрат Абдулмимитұлы, облыс прокуроры Ризабек Кәрімұлы, облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Зинабидиұлы, облыс прокурорының орынбасары Нұрболат Серікұлы, ата-аналар комитетінің мүшесі, айтысқар ақын, облыстық мәслихат депутаты Мұхтар Мәуленұлы ой-пікірлерімен бөлісті.


Мәжілісте көтерілген мәселелер бойынша жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктелді. Аймақ басшысы мектепшілік және полиция органдарының есебіндегі оқушыларды үйірмелерге тарту, олардың жазық демалысын тиімді ұйымдастыруды тапсырды. Ерекше бақылауды қажет ететін тұлға санаттағы отбасылардан шыққан балаларды шығармашылық және спорттық секцияларға қатыстыру жұмысын жалғастыру керек.

Жасөспірімдер мен жастар арасындағы құқық бұзушылықтың, кибербуллингтің және заңсыз ойынның алдын алуды күшейту қажет. Уәкелеттік полиция инспекторларына есепте тұрған жасөспірімдерді қатаң бақылауда ұстау жүктелді.

Бейлі өнімдерін пайдалануға және сауаға толық тыйым салу өте маңызды. Заңға қайшы әрекеттердің алдын алу үшін мектептердегі келенсіз жағдайларға дер кезінде назар аударып, тәртіп бұзушылықтың алдын алуға уақытылы мән беру қажеттігі атап өтілді.

100 жас отбасы баспаналы болды

Қызылордада «Сыр жастары» өңірлік бағдарламасымен баспаналы болған 100 жас отбасыға пәтер кілтін табыстау рәсімі өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаты Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрайымы Ләззат Шығысбаева, құқық қорғау органдары мен жауапты салалардың басшылары, зиялы қауым өкілдері, қала тұрғындары қатысты. Аймақ басшысы жаңа пәтер иелерін қоныс тоымен құттықтап, өңірлік бағдарламаның тиімділігін атап өтті.



– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Еңбек жолын енді бастаған жастардың бірден пәтер сатып алуы оңай емес. Сондықтан жастардың бастауына алғашқы жылдағы жайғай жасау – мемлекеттің басты міндетінің бірі» деген болатын. Бүгінде облыстағы жастар саны 250 мыңға жуық, яғни аймақ халқының 30 пайызы. Өткен жылы жастар саясатын дамыту мен қолдауға жергілікті бюджеттен 2 млрд 105 млн теңге бағытталды. «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасына 1 млрд 200 млн, «Отбасы банк» тарапынан 500 млн, жобаларды қолдау мен жүзеге асыру үшін 310 млн теңгеден астам қаржы бөлінді. «Сыр жастары» өңірлік тұрғын үй бағдарламасы 2023 жылы қабылданды. 2024 жылы 100 жас отбасы баспаналы болды. Жастарды мемлекеттік қолдаудың айқын дәлелі ретінде бүгін 100 пәтерлік 2 тұрғын үй білім, медицина, мәдениет, спорт, қаржы, әлеуметтік салаларда қызмет ететін жас отбасыларға табысталуда. Жаңа баспаналарыңыздың іргетасы берік, әр шаңырақтың іші татулық пен берекеге толы болғай, – деді аймақ басшысы.

Жұмында тұрғын үйлерді салған мердігер мекеме «Nur B group» ЖШС құрылысшылары облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемов сөз сөйлеп, құттықтауын жеткізді. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы серпінді жұмыстарды атап өтті. Облыс әкімі және қонақтар өңірлік бағдарламамен пәтер алған жас маманның жаңа пәтеріне кіріп, ізгі тілектерін білдірді.

«ЖЖ» ақпарат

Кәсіпкер

Гүлжайнаның тәттілері



Әр үйдің ырысы – қазанда, әр елдің берекесі – дәмінде. Аштың қадірін білген ұрпақ, дәннің қасиетін таныған халық ешқашан асқа немқұрайлы қарамаған. Қазанның түбінде қонып қалған иіс – көшпенді өмірдің белгісі. Қазақ үшін ас – береке, дәм – қасиет, ал оны өндіру – ұрпақ алдындағы жауапкершілік. Бүгінгі тағам өндірісі де дәстүр мен жаңашылдықты қатар ұстап келеді.

Бала күтіміне байланысты демалыс бір жандар үшін тек бала күтімімен шектелмейді. Ол – уақыттың баяу ағысында өзінді қайта тану, ішкі мүмкіндігінді ояту, бұрын кейінге ысырып келген армандарға жол ашу кезеңі. Бесіктің төрбелісімен бірге ой да төрбеледі, ал аналық мейірім таланттың тамырына нәр береді. Сондай жанның бірі – Гүлжайна Бегімова. Ол – бала күтіміне байланысты демалысын дамыл емес, дамуға айналдырған жан. Қолындағы қабілетін ұштап, бойындағы талантын өзімен жарыстыра жетілдіріп жүрді. Бала күлкісіне бөлінген күндерде де ізденісін тоқтатпай, әр сәтті мағыналы еңбекке ұластырды.

Алғашқы қадамын жақын маңнан бастаған ол ізденіс жолын біртіндеп кеңейтті. Тәжірибе жинау ниетімен Қызылорда қаласына барып, торт дайындау бойынша өткен шеберлік сабақта-

леді. Бұл орынның бір ерекшелігі, нанның ашытқысыз түрлері әзірленеді. Табиғи тәсілмен пісірілген мұндай өнімдер денсаулыққа жеңіл асқазанға жайлы. Сондықтан мұндағы әр өнім – жай тағам ғана емес, тұтынушыға деген қамқорлықтың белгісі. Соңғы кездері сұраныс артып, трендтен түспей келе жатқан әйгілі торттардан бастап, сәмса мен ірімшікті бөліштердің саналуан түрі сәреде көз тартып тұр. Енді ғана тәйтәй басса да, адал еңбектің өтеуі көп кешікпей, өз тұтынушыларын да тауып үлгерді.

– Тәтті пісіру хоббиім болғандықтан ұзақ ойланбадым. Алайда алғашқы қадам оңай болған жоқ. Бастапқыда қобалжу да, белгісіздікке деген қорқыныш та қатар жүрді. Жаңа істі бастау – тек мүмкіндік емес, үлкен жауапкершілік екенін сол сәтте сезіндім. Дегенмен күмәнді кейінге ысырып, тәуекелге бел бууға оңай келді. Өйткені арманды іске асыру үшін батылдық керек еді. Қолымнан келсе ме, халық қабылдай ма деген сұрақ мазалады. Бірақ тоқтап қалуға болмайтынын түсіндім. Қазір көптің алғысын алып жүрміз. Қайта келіп жатқан адамдардың бары – біз үшін ең үлкен баға, – дейді ол.

Бірі көршінің жылы кеңесімен келсе, енді бірі ризашылыққа толы пікірге сүйеніп келеді. Мұндағы күнделікті тір-

шілік те таңның атысымен басталатын көрінеді. Пеш ерте қызады, қамыр иленеді, әр өнім уақытымен өз бабымен әзірленеді. Тағамға деген көзқарас өзгерген уақытта адамдар дәмнен бұрын сапаны, тоқтықтан бұрын денсаулықты ойлап бастады. Алғашы жоспар да айқын. Өнім түрлерін көбейтіп, шағын цехтың аясын кеңейту – басты мақсаттың бірі. Үлкен кәсіп те бір күнде қалыптаспайды, ол осындай тәуекелге толы алғашқы қадамнан басталады.

Қандай технология дамыса да, тағамның түпкі мәні – адал ниет пен тұрақты еңбекте. «Еңбек өтсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп тегін айтпа. Нанды аяқасты етпеген, қазанын қаңсытпаған халық әр түйірдің бағасын терең түсінген. Сондықтан тағам дайындау – адал ниеттің айғағы. Қазір де заман басқа болғанымен, қалыптасқан ұғым өзгермеді. Бұл күнде Гүлжайна Бегімова бір кәсіптің иесі ғана емес, өз ісіне тірек бола білген жанға айналды. «Asylai» – шағын ғана кеңістікте үлкен жауапкершілікті арқаалаған тірлік. Дәл осындай адал бастамалар ертең тұтас өңірдің тағам мәдениетін қалыптастырады. Себебі үлкен өзгерістер қарапайым еңбектен көрініс таба-тыны рас.

Гүлжан ЕСЖАН

Еңбек адамы

Тігінші Гүлнар

Іс тіккендікі, сөз жіккендікі.

Тігін тек мата мен жіпті табыстырған кәсіп емес, ол – уақыт пен ұрпақты жалғаған тарих. Ине көзінен өткен әрбір жіпте ана алақанының табы, даланың иісі, тұрмыстың тағдыры бар. Бүгінгі сәннің сахнасында жарқыраған киімнің ар жағында кешегі көнетоз үйдегі кесте, қапталда отқан шебердің сабыры тұр. Бүгін тігінді тұрмыстық кәсіп деңгейінен көтеріп, әлеуметтік мәні бар сала ретінде қарастырып, жасампаз еңбектің мәніне үңілдік.



Гүлнар Қорғанбекқызының тігінге деген ынтасы оқушы кезінен-ақ байқалған. Үшінші сыныптан бастап ине мен жіпті серік еткен баланың қызығушылығы жай әуестік емес, ертеңгі өмірінің өзегіне айналарын жақындары сол кезде деп басып байқап қоймаған болар. Балалық шағы көршілес Өзбекстан өңірінде өткен Гүлнар Жармаханованың бойындағы осы бейімділікті анасы Шырынкүл ерте таныды. «Болашақ жейтін наның болады» деген аналық көрегендік уақыт өте шыңдыққа айналды. Елге оралған соң ол орыс мектебіне табан тіреп, тігін өнерін жүйелі түрде меңгеруге кірісті. Дәл осы ортада жас талаптың жолын ашқан технолог-ұстаз Мария Михайловна еді. Шөкіртінің қолындағы әр қимылды қалт жібермей, талап пен тәртіпті қатар ұстаған ұстаздың еңбегі оның кәсіби қалыптасуында айрықша рөл атқарды.

– Ол кездері қазіргідей электрлі техника емес, аяқпен басатын машина ғана бар еді. Ойын баласы шағымда анамың құрақ құрап, әр қиындығы ыждаһатпен біріктіріп отқанын көріп ескен маған тігін жат өнер болып көрінбеді. Сол себепті бұл істі әрі қарай жалғау

оңайға соққан болар. Көп нәрсені кейін ұстазымнан бүге-шүгесіне дейін үйрендім, – дейді ол.

Мектепті тәмамдаған жылы оның жолы Қызылорда қаласымен тоғысты. Ол кезеңде кәсіптік білімнің қараша-нырағы саналған ТУ-49 училищесінің табалдырығын аттап, тігінші мамандығын игеріп шықты. 1983 жыл – еңбек шежіресінің алғашқы беті ашылған жыл. Сол кездегі жұрт «Дом быта» деп атаған қазіргі «Талапкер» атанған орында оның еңбек жолы басталды. Алғашқы тапсырыс, алғашқы өлшем, алғашқы жауапкершілік, бәрі де осы жерде шыңдалды. Содан бері ине мен жіптен қол үзген емес. Уақыт өзгерді, техника жаңарды, сән ауысты, ал шебердің еңбегі өзгермеді. Бүгін міне, тігінші болып жүргеніне 43 жыл толып отыр.

Шағын шеберхананың картасы іспеттес жұмыс үстелінде көйлектен бастап шалбарға дейін, тіпті сырт киімдер өз кезегін күтіп жатыр. Бір бұрышта – дәл өлшеудің сенімді серігі 50 сантиметрлік ағаш сызғыш пен беттері тоза да, мазмұны қалың дәптер орын тепкен.

Тігіншілік жайлы сөз қозғалғанда, Гүлнар Қорғанбекқызы өткен күндерге

ой жүгіртіп, әрбір жылын көз алдынан өткізгендей болды. Бұл кәсіпке ол көздейсоқ келген жоқ. «Тігін – адамды тәртіпке үйрететін еңбек» дейді ол.

– Матаға бір рет қайшы тиген соң, артқа шегінерге жол жоқ. Сондықтан әр қадамды алдын ала ойлап басуға дағдыланасың. Тігіншілік – сабыр мен төзімнің нағыз сынағы. Көпшілік көре бермейтін ұсақ-түйектің өзіне мән беру, өлшемді дәл алу, бір сызықтан жаңылмау, бәрі де мінез қалыптастырады. Ине қолыңды шаңшуы мүмкін, бірақ сол сәттің өзі саған ұқыптылықты үйретеді. Адам киімді сөніп тапсырады, сол сенімді ақтау – тігіншінің басты міндеті, – дейді ол.

Жеке кәсіпке бөлек шығу туралы ой Гүлнар Қорғанбекқызына бір күнде келген жоқ. 2016 жылы көп жылғы тәжірибе таразыға түсіп, байыпты шешімге ұласты. Бұл асығыстық емес, уақыттың өзі пісірген таңдау еді. Себебі ол осы күнге дейін талай тапсырыстың үдесінен шығып, талай сенімді арқаалап келген болатын. Бүгінде оның шеберханасы ауыл-аймаққа ғана емес, мәдени ортаға да өтене таныс. Аудандағы мәдениет үйіне қажетті сахналық киімдердің басым бөлігі дәл осы шебер қолынан

өтеді. Мұнда әр образ ән мен бидің, қойылым мен көріністің мінезін аша білуді шарт. Сонымен қатар күнделікті тұрмысқа керекті тапсырыстардың да қатары қалың. Көйлек қысқарту, шалбар ыңғайлау, шеберхананың есігі бір сәтке де жабылмайды десе де болады. Қазір оның жанында тағы бір тігінші бар. Таңертеңгілік есік ашылғаннан тапсырыс қабылданып, кеш батқанша мұндағы тіршілік бір сәтке саябырсымайды. Әр күннің өз ырағы, өз қарбаласы бар. «Бастапқыда бәрі күрделі болып көрінді» дейді ол үтіктің қызуын байқап, шалбардың сызығын дәлеппен тұрып. «Қазір қол да, көз де үйренді. Қиын деген нәрсе қалмады» дейді үтікті енді шалбардың қырына нық басып.

Қазақ сөз өнерінде еңбек – адамды адам еткен ұлы ұстаным. Абайдың «еңбек қылсаң ерінбей» дегені – жай ақыл емес, ғұмырлық бағдар. Әуезовше айтқанда, адамды өсіретін – жол мен еңбек. Тігіншілік сол жолдың ең тыныш, бірақ ең терең соқпағы. Мұнда даңқ жоқ, бірақ дәм бар. Айқай жоқ, бірақ айқындық бар. Қарапайым киімнің бойынан жылу сезілсе, ол – шебердің жүрегі қолына көшкенінің белгісі. Сөз арасында ол бүгінгі жастарға да ой тастады. «Тігіншілікті үйренсең, қолыңнан келетін ісің болады. Қандай заман болса да, киімге сұраныс тоқтамайды. Ине мен жіп – адал еңбектің белгісі» деп түйіндеді кейіпкеріміз сөзін.

Жұмыс уақыты аяқталуға жақын. Кешкі тыныштық шеберхана ішіне жайлап енгенімен, тігін үстеліндегі тіршілік тоқтаған жоқ. Тігінші соңғы бір пальтаның астарын бері қаратып, тігін машинасына беттеді де, қарға кілем қағардай кеңінен жайып салды. Машинаның құлағына ілінген қоңыр жіп ұрышқша шыр айналып, таныс түрлі қайтадан естілді. Күн уясына қонса да, шебер қолы қозғалыста. Бұл жерде еңбек кешпен емес, істің бітімімен өлшенеді деп бағамдадық.

Халық «Шебердің қолы ортақ» деп бекер айтпаған. Себебі шынайы еңбек бір адамның емес, көптің қажетіне жарайды. Уақыт өткен сайын дәл осындай адал кәсіптің қадірі арта түсетіні сондықтан.

Г.БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ

2 ҚОҒАМ

Мерей

Киелі өнерден кенде емес

Жалағаштың топырағын түртсең, танымал тұлғасы жетерлік. Әсіресе мәдениет пен руханият саласында дарынды дарабоз көп. Бұл – Нысанбай, Шонбай, Орынбай, Темірбай жырау, Даңмұрын, Сәдір, Әзірбай сияқты шайырлар шыққан, өнер қонған өлке. Түмең, Мәмбет, Амандық әулие, халықты имандылыққа бастаған Мүсірәлі сопы, Қалжан мен Мырзабай ахун, Беркінбай қалпе, Әбжали мен Сары ишан тыныстап жатқан қасиетті жер. Төлеубай Үркімбаев, Әбділда Жүргенбаев, Мырзағали Ақжолов, Әбдікәрім Оңалбаев, Қомшабай Сүйенішов, Асқар Кіребаев, Темірше Сарыбаев сынды жыршылар мен ақын-жазушыларды түлеткен мекен. Осындай тұғырлы тұлғалардың көшін үзбей, бүгінге жалғаған буын өкілдері Жалағашта әлі де баршылық.

Мұнда ел білетін талант өте көп дедік. Санамалап айтуға да болады. Эпик-жыршы Берік Жүсіпов, журналист, тарихшы-этнограф Тынышбек Дайрабай, жырау-термеші Жұмабек Аққұлов, әнші-сазгер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Елена Әбдіхалықова, эстрада әншісі, Мәдениет қайраткері Құдайберген Бекіш, кино және театр артисі Ғани Құлжанов, мүсінші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Жаркен Исмағұлов, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері, айтыскер Мұхтар Ниязов та Жалағаш қана емес, дүйім қазақ атын шығарып жүр.

Өңірдегі ақындар мен жыраулар дәуірін есепке алмағанда, ауданның мәдениет саласының тарихы өткен ғасырдың 40-жылдарынан бастау алады. Сол уақыттағы аға буын өкілдері Жалағаштағы мәдениет саласының негізін қалаған. Б.Дүррешбеков, С.Қоқымбаев, Қ.Тәжғалиев, А.Қойшығұлова сынды азаматтар өр кезеңде салаға жетекшілік етіп, өнер мен руханияттың дамуына төр төкті.

Тәуелсіздікпен бірге жеткен тоқырау қиындығын осы саладағы қызметкерлері халықпен бірге көтерді. Өнерде жүрген қыз-жігіттердің барлығы да аудан мәдениетін дамытуда ауқымды шараларды бірлесе атқарып келді. Қазір де осы үрдістен жаңылмаған. Бүгінде Жалағашта мәдениет және өнерді дамыту орталығы, бір аудандық, 6 ауылдық мәдениет үйі мен 9 ауылдық клуб, 4 халықтық ұжым, №1 және №2 жылжымалы мәдени-демалыс кешені халыққа тұрақты қызмет көрсетуде.

– Былтыр құны 1,6 млрд теңгеге құрайтын «Руханият» орталығы пайдалануға берілді. Халық игілігін көріп отырған бұл ғимарат тарих пен мәдениетті біріктірген, жаңа идеялар мен шығармашылық ақпараттық диалог орнатар креативті алаңға айналды десек болады. Сон-



дай-ақ күрделі жөндеу жұмыстарынан кейін заманауи кейіпке енген Таң ауылдық мәдениет үйінде де тұрақты түрде түрлі форматтағы шаралар өтіп келеді. Жалпы біздің салаға қолдау жетерлік. Материалдық-техникалық база, оның ішінде техникалар мен концерттік костюмдер жаңартылды. Аудан көлеміндегі балалар мен жасөспірімдердің мәдени тәрбиесін арттыруға, шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған 108 көркемөнерпаз үйірмесі бар. Оған 1200-ге жуық шәкірт қатысады, – дейді аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Бибіәсия Дүісенбиева.

Аталған көркемөнерпаздар үйірмесінің мүшелері 4 халықаралық, 12 республикалық, 79 облыстық және 20 аудандық байқауға қатысып, жүлделі орындарды иеленген. Оның ішінде Алматыда «JAS JULDYZ PRODUCTION» шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен өткен «Жас жұлдыз» халықаралық балалар мен жасөспірімдер байқауында Аққұм ауылдық клубының үйірме шәкірттері 3 жанрмен қатысып, бас жүлдені жеңіп алған. Ал «Бозторғай» балалар шығармашылығының XXVII халықаралық конкурсында мәдениет және өнерді дамыту орталығының «Элеганс» би үйірмесі ІІІ орын алса, Жаңаталап ауылдық клуб жанынан құрылған «Асыл әкелер» ансамблі Ақтауда өткен халықаралық «Жаңа есім» фестивалінде және Қырғызстанда өнер көрсетіп қайтты.

– Жалпы ел ішінде «Адал адам» мәдени-тәрбиеорталығытұжырымдамасына сәйкес, түрлі форматта 1866 жана өтті. Оның ішінде театр қойылымдары, шығармашылық байқаулар, фестивалдер, көрмелер, сұхбаттар, акциялар ұйымдастырылды. 160 мыңға жуық көрермен тартылды. Бұған қоса былтыр «Алтын-Арай»,

«Қызғалдақтар» халықтық ән-би және «Классика» камералық ансамбльдерінің есепті концерттері, «Халық» театрының жаңа қойылымдары, Наурыз мейрамына орай «Наурызнама» онкүнділі, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында «Партизан Тұрғанбике» ІІ актілі драмасы көрерменге ұсынылды. Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына орай облыс орталығында Жалағаш ауданының мәдениеті мен өнер күнің, 25 қазан – Республика күні және «Алтын күз – 2025» мерекелік шарасын жоғары деңгейде атап өттік, – дейді бөлім басшысы.

Оның айтуынша, облыстық деңгейде «Ұлы Жеңісті жырлаймыз» атты облыстық жас жазба ақындар мұшейрасы, Ұлы Отан соғысының ардагері Ысқақ Нұржанұлының 100 жылдығына арналған «Ерлігі елге мұра, ұрпаққа ұран» патриоттық ән байқауы, мәдениет және өнер саласы ардагерлері арасында «Ардагерлер өуені» өнер фестивалі, Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жылдық мерейтойына орай «Жүрекке жеткен Абай әуендері» атты Абай әндерін орындаудан ардагерлер ән байқауы және тағы басқа көлемді шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылған.

Жалағашта креативті индустрияны дамыту мақсатында құрылған «Тұмарша» креатив орталығы жұмыс істейді. Оның мақсаты – ұлттық құндылықтарды насихаттау. Аталған орталықтың үйлестіруімен өткен жылы «Creative Sagavan» облыстық кешпелі көрмесі өтті. Сондай-ақ ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Ұлттық комиссия мүшесі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Жанерке Шайғозованың қатысуымен Аққу және Жаңаталап ауылының әкелері «Руханият» орталығында киіз басу техно-

логиясынан бейнетүсірілім жасапты.

Биыл аудандағы кітапхана қоры 2403 жаңа әдебиетпен толықты. Жалпы біздегі кітап қоры 378 мыңнан асады. 19 мыңға жуық оқырман бар. Қазір аудан кітапханаларында басылымдарды цифрлық форматқа көшіру жұмыстары жалғасуда. Оқырмандарымыз Қазақстандағы кітапханалардың жиынтық электрондық каталогына, «kazneб.kz» мобильді қосымшасына еркін қол жеткізе алады. Баса назар аударатын нәрсе, аудандық кітапхана қорындағы жергілікті ақын-жазушылардың 917 кітабы мен жергілікті мерзімді басылымның электрондық көшірмелері сандық форматқа ауысты, – дейді бөлімнің бас маманы Нұржан Амандық.

Нүрекеңнің сөзінше, Ел Президенті бастама қылған «Таза Қазақстан» республикалық акциясымен аудандағы ескерткіштерге көркейту-көгалдандыру, тазалық жұмыстары тұрақты түрде жүреді. Сондай-ақ өткен жылы бөлімнің ұйымдастыруымен Жалағаш жастары (маргинал оқушы, студент, «Жасыл ел» еңбек жасағы сарбаздары) Қалжан ахун, Оқшы Ата кесенесі, Сауран, Сығанақ тарихи қалалары және Түркістандағы Ахмет Ясауи мавзолейіне саяхат жасаған.

36 мыңнан аса тұрғыны бар Жалағаш ауданында мәдени өзгеріс көп. Оның бірнешеуін жоғарыда сөз еттік. Заман толқынына иесіз тіршілік қылған жалағаштықтардың жасампаз ісін толық тізбектеп, басылымға беру мүмкін емес. Алайда еңбек пен елдікті егіз ұғым деп білген халық өмірі киелі өнерден алшақтамағанын айқын аңғарғандаймыз.

Ержан БЕКМЫРЗА

Байқау

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен Алматы қаласындағы Сүлейман Демирел университетінде «Педагогикалық идеялар фестивалі – 2026» республикалық байқауы өтті. Мақсат – педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамыту, оқыту әдістемесі мен технологияларын жетілдіру, озық тәжірибені тарату. Байқаудың республикалық кезеңіне Қызылорда облысынан 11 педагог қатысып, 8 педагог жүлделі орын және 3 педагог арнайы грамота иеленді.

Жалағаштық ұстаздар құрмет төрінде



Байқау қорытындысында жерлесіміз, №118 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлнар Жүнісова арнайы грамотаға ие болды. Сондай-ақ №31 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Мақпал Қосжанова да арнайы грамотаға лайық деп танылды.

Мұнан бөлек Қызылорда қаласындағы №257 орта мектептің математика пәні мұғалімі Асылхан Оңғаров І орын алды. Сондай-ақ Арал ауданындағы №262 мектеп-гимназиясы директорының орынбасары Жанар Құрманалиева да көш бастады. Дәл осы аудандағы №71 орта мектептің көркем еңбек пәнінің мұғалімі Нұржан Балов екінші орынға тұрақтады. Сонымен қатар Қызылорда қаласындағы Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектеп директоры Айгүл Өткелбаева да екінші орынға лайық деп танылды.

Жалпы қызылордалық ұстаздар бұл жарысты жемісті қорытындылады десе де болады. Қызылорда қаласындағы «Сыр жұлдыздары» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық және инновация академиясының қосымша білім беру педагогы Алтынқұл Төлегенова да екінші орынан төбе көрсетті. Ал Қазалы ауданындағы №204 орта мектептің дефектологы Толкынай Елубайқызы үздік үштікті түйіндеді.

Мұнан бөлек Қызылорда қаласындағы «Абай» мектебінің педагог-психологы Мереке Даниярова, Қазалы ауданындағы №276 орта мектептің география пәнінің мұғалімі Фархат Айтишова мен Сырдария ауданындағы №129 мектеп-лицейінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Раушан Абдраманова да үздік үштіктен төбе көрсетті.

Футзал

Жерлестеріміз үштікті түйіндеді

Өткен аптаның соңында Сырдария ауданында жалпы орта білім беру ұйымдарының алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні оқытушы-ұйымдастырушылары арасында футболдан облыстық турнир өтті. Екі күнге жалғасқан жарыстың ашылу салтанатында тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығының директоры Фархат Досаев шараның маңыздылығына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.



– Жалпы мұғалімдер арасындағы спорттық сайыстар өз деңгейінде ұйымдастырылуда. Кеше ғана Жалағаш жерінде мектеп директорларының орынбасарлары өзара мықтыны анықтаса, бүгін Сырдария ауданында алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні оқытушы-ұйымдастырушылары бақ сынамақ. Салауатты өмір салтын қабылдауда спорт маңызды сала екені айтпаса да түсінікті. Оның ішінде қазір елімізде футбол ерекше қарқынмен алда келеді. Спорттың бұл түрінің алға басуында ұстаздардың да өзіндік орны бар. Қатысушыларға тек сәттілік тілеймін, – деді Фархад Досаев.

Жарыстың негізгі мақсаты – АӘТД пәні оқытушы-ұйымдастырушылары арасында салауатты өмір салтын қабыптастыру, бұқаралық спортты дамыту және кәсіби шеберлікті арттыру, тәзімділік пен ұйымшылдықты, командалық рухты дамыту. Қатысушылар алғашқы күні жеребе тартып, екі топқа бөлінді. Ал келесі күні олар жарысты бастап кетті.

Дүбірлі додаға Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандары мен Қызылорда қаласынан келген командалар қатысып, өзара бақ сынады. Әр кездесу жоғары қарқынмен өтіп, алаңда нағыз спорттық мінез бен жеңіске деген жігер айқын көрініс тапты.

Қорытындысында Қызылорда қаласы көш бастап, жарыстың кубогына ие болды. Ал екінші орынға Жаңақорған ауданы ие болса, Жалағаш ауданы үздік үштікті түйіндеді. Сонымен қатар үздік деп танылған ойыншылар арнайы облыстық білім басқармасының дипломдарымен марапатталды.

Е.АНУАРУЛЫ

Бөбекжай – тәрбие ордасы

Бесікті түзеген жұрт болашағын бекемдейді. Баланы қорғаған ел өзін сақтайды. Бала – бүгіннің әлсіз үні, болашақтың айбынды дауысы. Сол дауыстың анық шығуы балалық шақтағы қамқорлыққа байланысты. Осы ізгі мұрат XX ғасырдың басында Еуропа елдерінде нақты жүйеге айналды. Алдымен Германия, кейін Швейцария мен Францияда жиі сырқаттанатын балаларға арналған санаториялық балабақшалар ашылды. Уақыт өте бұл тәжірибе кеңестік кеңістікке жетіп, Қазақстанда 1960-1970 жылдардан бастап қолға алынды. Соның бірі – аудандағы №19 санаторлық бөбекжай-бақшасы. Бүгінгінің қамын ғана емес, келешектің аманатын арқалаған, бала бақытына қызмет етіп тұрған киелі орынға арнайы барып, тыныс-тіршілігін таразыладық.

Негізі 1980 жылы қаланған №19 бөбекжай-бақшасы – уақыттың талай белесін артқа тастап, ұрпақ тәрбиесінің алтын арқауын үзбей келе жатқан қасиетті мекен. Кеңестік кезеңнің қатаң тәртібінде бй көтерген бұл бөбекжай талай сәбидің алғашқы қадамына куә болып, талай ананың алаң көңіліне медеу болған. Кешегі тар кезеңде де, өтпелі уақытта да бала бақытына қызмет етуден айнымай, «төзім мен төртіп – тәрбиенің тірегі» екенін ісімен дәлелдеді. Араға жылдар салып, 2011 жылы 90 орындық жаңа ғимаратта жұмысын бастауы балабақша тарихындағы бір белес, бір жаңғыру кезеңі еді. Жаңа қабырға жаңарған тынысқа, кең бөлме кең үмітке айналды.

Балабақша ауласынан бала қиялының бояуына малынып тұрған бір шағын әлемді көргендей боласың. Кіреберісіне дейін созылған балғын жасқа лайық аласа шарбақ алыстан қарағанға теңіз үстіне тартылған көпірдей. Жаңбыр тамшысындай әр жерге себелеген түрлі-түсті балондар кеңістікті жандандырып жіберген. Бір тұсында бөбектердің шат күлкісін тербеген ойын алаңы мен сырғанақ орналасса, енді бір шетінде қиялға ерік беретін шағын ойын үйшіктері көз тартады. Екіқабатты титтік жобада салынған балабақшада тіршілік бір сәтке де толастамаған. Мұнда төрт топ үздіксіз жұмыс істеп, балалықтың әр кезеңіне лайық тыныс-тіршілік өз ырғағымен өрі-



ліп келеді. Бүгінде бұл шаңырақта 2 мен 5 жас аралығында тәрбиеленуші тәлім алып жүр. Олар «Балапан», «Қарлығаш», «Көгершін», «Қызғалдақ» топтарына әрқайсысы өз жасына сай тәрбие мен күтімге бөленген.

Әдіскермен бірге жоғары қарай бет алғанымыз осы, алда келе жатқан бүлдіршіндер қаздай тізіліп, баспапдақты мығым ұстаған күйде өрлеп келеді. Кенеттен сырғып түскен шұлықты көрген ол бөгеліп, отыра сала кігізіп жатыр. Бағила Қожамқұлқызы – бала жанына жылу дарытуды өмірлік мұрат еткен жан. Оның 22 жылдық тәрбиешілік тәжірибесі – уақытпен өлшенген еңбек қана емес, жүректен атқарылған қызметтің айғағы. Бұл мамандықты ол бір сәттік таңдау ретінде емес, тағдырымен табысқан саналы жол деп қабылдады.

– Тәрбиеші болу – күнкөріс қамы емес, ұрпаққа бағытталған өмірлік миссия. Әрине, бұл жол жеңіл емес. Күнделікті жауапкершілік, бала мінезінің сан қыры, ата-ана сенімі, бәрі де төзімділікті талап етеді. Балалардың бал-бұл жанған көздері, шынайы күлкісі, алғашқы жетістіктері – мен үшін ең үлкен марапат. Өзім таңдаған мамандығымды атқару – менің бақытым, жүрегімнің мақтанышы, – дейді ол.

Мұнда 18 тәрбиеші күн сайын бір мақсаттың төңірегіне топтасып, баланың жан дүниесін баптауға бар күш-жігерін арнап келеді. Сол ұжым ішінде

2 зерттеуші жаңа ізденістердің бағыт-бағдарын айқындаса, 7 сарапшы істің сапасын сүзгіден өткізіп, 7 модератор оқу-тәрбие үдерісінің үйлесімді жүруін қадағалайды. Ұйымдастырылатын оқу қызметтері мектепке дейінгі тәрбие мен оқудың үлгілік бағдарламасына негізделіп, жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді.

– Балам Құдірет «Қарлығаш» тобында. Балаларды мейіріммен қарсы алып, жайлы орта қалыптастырып, қабілетін ашуға ықпал етіп жүрген тәрбиешілерге алғысмын шексіз. Балабақшаға асыға ұмтылып, кенжілі сергек күйде аттанады, – дейді Серікбөл Жомартұлы ата-ана ретінде ризашылығын жаудырып.

Медбике Жанар Бақытжанқызының айтуынша, санаторлық балабақшадағы күн тәртібі ең әуелі бала денсаулығына негізделген. Тәрбиеленушілерге тәулігіне алты мәзіл кешенді дәруменге бай тағам беріледі. Әр баланың жағдайы назардан тыс қалмай, балабақшаға келген сәттен салмағы өлшеніп, денсаулық көрсеткіштері тұрақты бақылауға алынады. Мұнда қабылдау тәртібі де нақты медициналық талаптарға сүйенеді. Бұрын тубдиспансерде тұрған ата-аналардың балалары қабылданса, 2021 жылдан бастап денсаулығында өзгеріс бар балаларды қабылдау жүйесі енгізілген. Қазіргі таңда бұл бөбекжайда бүйрек, өт жолы, анемия, созылмалы демікпе сынды диагнозбен келген балалар ем-

Гүлжан ЕСЖАН

Еңбек адамы

Ел үшін еңбек еткен ер

«Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың парызына еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың». Иә, Абай хәкімнің қай сөзі де уақыттың тезіне сынбайды, заманның ыңғайына илікпейді. Қанша дәуір өтсе де адамзатқа ортақ маңызын жоғалтпайды.

Халқыңа адал қызмет етіп, көпшіліктің құрметіне бөлену, тіпті өзің өмірден өтсең де еліңнің есінде сақталып қалудың өзі мәртебе ғой. Пенде баласының екінші өмірі халықтың жадында жалғасады. Алайда, біз көбіне арамызда жүрген асыл жандарды тірісінде құрметтеуге асықпаймыз, дүниеден өтіп кеткен соң да жоқтап, іздей қоймаймыз. «Көзден кетсе, көңілден кетеді». Сөйтіп жүргенде нағыз еңбек адамының, халқына, Отанына, туған жеріне қапысыз қызмет қылған жанның есімі ұмытыла бастайды. Сондықтан кейінгі ұрпақты елжандылыққа, еңбекке, адалдыққа тәрбиелеу үшін өзі қоңырқай тіршілік кешсе де, еліміздің өркендеуіне, қоғамның алға ілгерілеуіне жанын салып, терін төккен жандарды ара-тұра еске алып тұру – бізге, тірілерге парыз.

Біз жадымыздан ауылы бейнесін оятып, еске алып, еңбегін кейінгі буынға үлгі етіп отыратын жанның бірі де, бірегей ауданның мәдени-рухани өмірінде айшықты қолтаңбасы қалған ауылы аға, абзал азамат Қойшыбек Әптікерұлы еді.

Қойшыбек Әптікерұлы 1940 жылы Мақпалкөл маңайында дүниеге келген. 1942 жылы Әптікер әкеміз дүниеден озады. Сум соғыстың пәрмен ала бастаған шағында әкесіз қалған небәрі екі жастағы Қойшыбектің тағдырын суреттеудің өзі тілге қиың жүрекке ауыр. Алайда, жартылай жетім қалған перзентін Ұлдай Жылқыманқызы бағып-қағып, ел қатарына қосты.

...Қойшыбек Әптікерұлы өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап көркемөнерпаздар үйірмесінің белді мүшесі болды. Ауыл сахнасында баян тартып, ән салды. Тіпті аудандық, облыстық байқауларда да үлкен сахнада өнер көрсетті. Одан кейінгі жылдары киномеханик, клуб меңгерушісі болып қызмет атқарды.

Қойшыбек ағамыз 1961 жылы Мауыты жеңгемізбен бас қосып, шаңырақ көтерді. Мауыты Досниязқызы да ауыл көркемөнерпаздар үйірмесінің мүшесі болды. Ерлі-зайыпты екеуі ауылдық мәдениет үйінде тынымсыз еңбек етіп, аймақ руханиятының дамуына үлес қосты.

Алпысыншы жылдары Жаңталап совхозындағы (қазіргі Жаңталап ауылы) №119 сегіз жылдық мектептің директоры болған Дәруіш Төрмұратов Қойшыбектің нағашысы еді. Қойшыбек сол үйге Қызылорда педагогикалық институтының жолдауымен практикадан өтуге келген студент жастар Жұматай Асанов және Елтай Елемесовпен етене жақын болып кетеді. Зейінді, өнерге жақын Қойшыбек сынды замандастарына деген олардың да құрметі ерекше болыпты. Кейінірек Жұматай, Елтай ағаларымыз Қойшыбектің салауатты әңгімелерін, салмақты мінезін, бойындағы санқырлы өнері мен адами қасиеттерін жадында жаңғыртып, сағынышпен еске алып отыратын.

Иә, расында Қойшыбек Әптікерұлы бойына жеті өнерді де азынатын табиғи дарынды өнерпаз еді. Сондай-ақ қоғамдық жұмыстардың қай-қайсысында да өте белсенді болды. Қашанда елге ортақ жұмыстардың басы-қасында жүретін халықшыл, көпшіл кісі еді.

1963 жылы Ленин колхозына (қазіргі Темірбек Жүргенов ауылы) Ақатай Рахметов басқарма төрағасы болып келіп, клуб үйін салдырды. Ол заманда клубта тек кино көрсетіледі. Қойшыбек ағамыз өз естелігінде «Ол жылдары клубта кино көрсетілгенде көрермен астарына сабан төсеп отыратын еді. Кейбір үлкен жинарда да клубта өтетін. Орындық жетіспейтін. Оның үстіне әлі театр мәдениетінің біздің ауылға келе қоймаған кезі еді» деп еске алатын.

Өткен күндерді жұрт жадында жаңғыртып айта кетуіміз керек. Өйткені бұл – бір ауданның тарихы. Сол жылдары алғашқы киномеханик Жақсыбай Алтынсариев болған. 1963-1973 жылдары Қойшыбек аға-



мыз мамандығы болмаса да, киномеханик, клуб меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1964 жылы Алматы қаласындағы кино техникумының бір жылдық қысқамерзімді курсында оқып, қосымша мәдени саланың майталмандарынан дәріс алды. 1972 жылы ауылға заманауи үлгідегі кино көрсететін жаңа аппарат келді. Сол жылдың тамыз айында алғаш рет сол киноқондырғымен ауыл халқы «Қыз жібек» фильмін көрді.

Қойшыбек Әптікерұлы ауыл көркемөнерпаздар үйірмесінің концерттерін ұйымдастырудың да бел ортасында жүрді. Жетпісінші жылдары колхоздың директоры, Социалистік Еңбек Ері Алдаберген Бисеновтің қолдауымен ауылдан жаңа клуб үйі бой көтерді. Сонымен бірге клубтың айналасына спорт алаңдары, ойын-сауық және би алаңқайлары және жазғы клуб салынды. Міне, осы мәдени ошақтарда өтетін шараларды Қойшыбек Әптікерұлы ұйымдастыратын.

Ол кісі ауыл мәдениетін дамытумен бірге, ауыл халқының салауатты өмір салтын қалыптастырып, бұқаралық спортты насихаттауда да еңбегі зор болды. Әсіресе талапты, талантты ауыл жастары арасында волейбол, футбол, тастаяқтан жарыс ұйымдастыратын. Қойшыбек ағамыздың арқасында ауылдың көптеген баласы қазақ күресінің де сәнтүрлі айла-тәсілін үйреніп, шыңдалып өсті.

Одан бөлек ұсталығы да бар еді. Көшеде керексіз болып жатқан кеспелтек ағаш Қойшыбек ағамыздың қолына түсіп, құрал-сайманына бір ілінсе, ауыл тұрғындарының тұрмыстық кәдесіне жарайтын әжептәуір дүниесіне айналып шыға келетін. Ал түзге шықса, құралайды көзге атқан мергендігі, әуесқой аңшылығы бір бөлек әңгіме...

Қойшыбек – менің ағам. Кішкентаймыздан «көке» деп естік. Әке орнына әке болды. Қамқорлығын көп көрдік. Балалықпен істеген теріс әрекетімізді түзетіп, ұрысқан қабаты. Сол сәттердің өзінде ашуы қабағынан төмен түспейтін, ағалық ақылдан мейірім төгіліп тұратын. Бізді сол мейірім аялап өсірді. Мауыты жеңгеміз де анамыздай болды. Сырттай қаталдау көрінгенімен, пейілі таза, жүрегі жұмсақ еді.

Қойшыбек ағамыз кейінірек ауылдық клубтың меңгерушісі болды. Мауыты жеңгем екеуінің ауылдағы көркемөнерпаздар үйірмесінің белсенді мүшесі екенін жоғарыда айттым. Ол жылдары өнер адамдары ел-елді аралап, халықпен жүздесетін. Әсіресе ауыл тұрғындарымен кездесіп, өнер көрсететін. Сондай сапарларынан соң біздің үйге келіп, қашандағы қазақтың пейілімен көл-көсір жайылған дастарханнан дәм тататын. Ол кісілерге Ұлдай әжемнен бастап, Мауыты, Сартай, Әлия жеңгелерім қызмет қылатын.

Жетпісінші жылдары халыққа танымал болған жезтаңдай әнші Жамал Омарова, өнерімен өлем жұртын таңғалдырған биші Шара Жиенқұлова, қазақтан шыққан санаулы опера әншілерінің бірегейі Ғарифолла Құр-

манғалиев, Сырдың бұлбұлы, әнші Ұлшан Ахметова, күйші, шөртпе күйдің шебері Мағауия Хамзин, Қали Жантілеуов, баянға қосылған дауысы алты қырдан асатын әнші Геннадий Шульга сынды өнер өкілдері шаңырағымызда қонақ болды. Одан бөлек Қойшыбек көкем ауданға белгілі мәдениет саласының қызметкерлері, алпысыншы жылдардың соңында құрылған «Алтын арай» ән-би ансамблінің негізін қалған Мұхамедияр (Мақашу) Әбжанов, Жұмабек Аққұлов, Қали Ыбыраев, Тынымбай Мәдиев, Қаншағұл Жомартова, Хадиша Селбесінова сынды өнерпаздармен аралас-құралас жұмыс істеп, тығыз шығармашылық байланыста болды.

XX ғасырда кино өнері ең ұлы өнер, ал кинематография мәдениет саласының маңызды бір бөлшегі еді. Ондағы заманауи қондырғыларды меңгеру кәсіби білім мен бейімділікті қажет ететін-ді. Қойшыбек ағамыз кәсіби жұмысын өзіннен кейінгі ауылдас інілері Темірбек, Жолтай, Өтеп, Әбсамат, Өміргали сынды азаматтарға үйретті.

Кеңестік дәуірдегі идеологияның ықпалы ма, әлде ауылдық жерлердегі қазақты тәрбиенің жемісі ме, әйтеуір сол кезде адамдар бір-біріне аса мейірімді еді, жақсылық жасағысы келіп тұратын-ды. Соның ішінде Қойшыбек ағамыздың айналасына жасаған жақсылығы мен қайырымының шегі болмайтын. Сол адами болмысы арқылы артындағы бізге өнеге көрсетті, тіпті үкімет жұмысына деген жанашырлығы, жауапкершілігімен өзі қызмет жасаған қоғамдық ортаға үлгі болды.

Жоғарыда айтқанымдай, Қойшыбек ағамыз жақсылық жасауды өзінің адами міндеті санайтын. Жаңаталап ауылының ақсақалы Мөңлен Қонысбаевтың мына әңгімесі Қойшыбек ағамыздың адами болмысын аша түседі: «Мен алпысыншы жылдары III-Интернационал колхозында зоотехник болып қызмет істедім. Қарақұмдағы мал жайылымдарын аралаймыз. Сондай сапарымыздың бірінде астымыздағы көлігіміз бұзылып, далада қалдық. Кәдімгі шаруашылыққа мінетін «ЗИЛ-157» ауыр жүк көлігі. Ақауын білгенмен, қолымызда ауыстыратын заты жоқ. Сонымен айдалада бір апта жаттық. Күзге салым мезгіл болса да, күн ыстық. Суымыз таусылды. Радиатордың суын сүзіп іштік. Азғантай су қашанға жетсін, ол да таусылды. Ама! жоқ, көлікте малға салуға алып бара жатқан сұйық дерілерді іше бастадық.

Бір аптадан соң алыстан шаң көрінді. Олар да бізді көріпті. Келді. Аң аулап жүрген Жаңаталаптың жігіттері екен. Олардың суы біздің бір күн ішуімізге де жетпейді. Жақын маңайда малшылар болса, су әкеліп беретіндерін айтты. Сонда араларындағы ақ сары келген жас жігіт «Жоқ, бұл кісілерді қалдыруға болмайды. Көріп тұрсындар ғой, әбден өлсіреген. Не болса да, өзімізбен бірге ала кетеміз» деп бірден кесімді шешім айтты.

Айтқанындай, ЗИЛ-ді көліктерімен сүйреп, бірнеше сағат жол жүріп, бір қойшының үйіне жеткізді. Шәлімізді

қандырып, ес жиып, жан шақырған соң әлгі жас жігіттен аты-жөнін сұрадым. Әптікердің баласы Қойшыбек екен. Өзі маған күйеу бала болып шықты. Мауыты қарындасымыздың жұбайы екен. Жас болса да ересек адамдарша шешім шығарып, әбжіл әрекет еткен батылдығына, әбіржіген түрімізді көріп, жай-күйімізді ойлап тұрған адамгершілігіне риза болдым. Міне, сөйтіп Қойшыбек бізді бір ажалдан аман алып қалған», – деп еді Мөңлен ақсақал.

Қойшыбек ағамыздан көйін ауылдық клубқа жұмысқа келген інісі Бақыт Төреханов ауыл көркемөнерпаздарынан құралған ұжыммен ауыл сахнасында «Еңлік-Кебек», «Алтын сақина» пьесаларын қойып, елді екен еткізді. Ол жылдары бұл ауыл халқы үшін үлкен мәдени төңкеріс еді. Кейіннен тәжірибе толықтырған соң ауыл «театрының» ұжымы аудан, облыс орталығына бірнеше қойылымды сәтті сахналап, көпшілік көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Әрине, ауылдық мәдениет үйіндегі бұл жетістіктер айтылғанда, Қойшыбек Әптікерұлының да аты аталады. Өйткені ауылдың мәдениет саласында қызмет істеген кейінгі толқынға Қойшыбек ағамыз бағытбағдар көрсетіп отыратын.

Әрбір адамның ең басты байлығы отбасы ғой. Қойшыбек ағамыз да жары Мауыты екеуі қым-қуыт жұмыстың арасынан саңылау тауып, отбасын, ұрпақ тәрбиесін бір сәт те назарынан тыс қалдырған жоқ. Балаларынан өкелік қамқорлығы мен мейірімін аямады. Жұмыстан үйіне оралғанда ұл-қызын мейірілене құшып, еркелететін. Олармен үлкен адамдарша әңгімелесетін, тіпті кейде бала болып ойнайтын.

Бұл – қазіргі көп әкелерде жоқ қасиет. Қоғамның қалыптасуы атананың балаларына берген тәлім-тәрбиесі мен мейірімінен басталады ғой. Ендеше, бұл орайда да Қойшыбек ағамыз өзі өмір сүрген қоғамның қалыптасуына үлес қосты деп айта аламыз. Бүгінде Сырға, Гүлнәр, Рахымбек, Шара, Айжан, Қарлыға атты ұл-қыздары еліміздің әр өңірінде өз мамандықтары бойынша әр салада абыройлы қызмет атқарып, еліміздің жарқын келешегі үшін еңбек етіп жүр.

...Қойшыбек Әптікерұлы 1979 жылы небары 39 жасында өмірден озды. Аз ғана ғұмырында артында өлмейтұғын із қалдырды. Иә, Абай данышпан «Өлді дегуе бол ма айтыңдаршы, артында өшпейтұғын із қалдырса» дейді. Расында, артында халық үшін жасаған ісі мен сөзі қалған адамды өмілер қатарына қосуға болмайды. Олардың екінші өмірі кейінгі ұрпақтың жадында жалғаса бермек. Ендеше, елі үшін еселі еңбек етіп, өзінің қысқа ғұмырында ауылының өркендеуі жолында тер төгіп, ауданның мәдени өміріне белсене араласып, рухани дамуына үлес қосқан Қойшыбек Әптікерұлының да есімі ел жадында жаңғырып тұратынына шүбә жоқ.

Толыбек ҚАЗИХАНҰЛЫ

Біле жүріңіз!

«2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға сәйкес 1 қаңтардан бастап айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 4325, ең төменгі күнкөріс деңгейі (ЕТКД) 50851, ең төменгі жалақы 85000, ең төменгі зейнетақы 69049, базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері 35596 теңге мөлшерінде белгіленді. Жаңа жылдан бастап еңбек сіңірген жылдары үшін және жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері де 10 пайыз артты.

Зейнетақы мен жәрдемақы мөлшері артты



Сонымен қатар жасына байланысты жаңадан тағайындалатын зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыс мөлшері 216 260 теңгеден 237 875 теңгеге (55 АЕК) көбейді. Қаңтардан бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері ЕТКД-нің жаңа мөлшеріне пайыздық қатынаста белгіленеді. Атап айтқанда, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жыл және одан аз болғанда немесе болмағанда тісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 70 пайызы (65 пайыздың орнына) мөлшерінде, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жылдан артық әрбір толық жыл үшін оның мөлшері 2 пайызға арттырылады. Бірақ ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 118 пайызынан аспайтын мөлшерде беріледі. Бұл жаңадан тағайындалған зейнеткерлерге және 2026 жылға дейін зейнетке шыққандарға да қатысты.

Мүгедектігіне және асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері ЕТКД-нің (50851теңге) мөлшерінің ұлғаюына байланысты арттырылды. Сонымен қатар мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншылға (қамқоршыға) және бірінші топ мүгедектігі бар адамға күтімді жүзеге асыратын адамға төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері ЕТКД (50851теңге) мөлшерінің ұлғаюына байланысты артты. Быылдан бастап бұл жәрдемақылардың мөлшері 81 871 теңгені құрайды.

2026 жылдан бастап АЕК-мен есептелетін жәрдемақы төлемдері мөлшері оның артуына (4325 теңге) байланысты көбейді. Атап айтқанда, бала тууға байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы және ай сайынғы бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты мемлекеттік жәрдемақы төлемдерінің мөлшері. Бірінші, екінші және үшінші бала туғанда берілетін бір жолғы жәрдемақының мөлшері (38 АЕК) 01.01.25 жылы 149 416 теңгені құраса, жаңа жылдан бастап 164 350 теңгені құрайды немесе 14 934 теңгеге, ал төрт және одан да көп бала туғанда (63 АЕК) 247 716 теңгеден 272 475 теңгеге немесе 24 759 теңгеге артты.

Бала біржарым жасқа толғанға дейінгі күтіміне байланысты берілетін жәрдемақы мөлшері туу кезектілігіне байланысты 2026 жылдан бастап бірінші балаға 24 912, екінші балаға 29 454, үшінші балаға 33 952, төртінші және одан да көп бала туғанда 38 493 теңгені құрайды. Сол сияқты АЕК (4 325 теңге) мөлшерінің ұлғаюына байланысты бірге тұратын төрт және одан көп көмектете алмаған баласы, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы отбасыларға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері де артты. Бұл жәрдемақылардың мөлшері балалар санына қарай сараланып ұлғайтылады. Атап айтқанда, 4 баласы бар отбасыларға 69 330, 5 балаға 86 673, 6 балаға 104017, 7 балаға 121 360, 8 балаға 138 400, 9 балаға 155 700, 10 балаға 173 мың теңге және одан әрі жәрдемақы мөлшері бала санына қарай өзгереді.

Жаңа жылдан бастап «Күміс алқамен» марапатталған аналардың ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақысының мөлшері 27 680, ал «Алтын алқамен» марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналарға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері 32005 теңгені құрайды.

Жасына байланысты зейнетақы, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды алушылар қайтыс болған жағдайда оның отбасына немесе жерлеуді жүзеге асырған адамға жерлеуге арналған біржолғы жәрдемақының мөлшері 151 375 теңгені құрайды. Сонымен қатар АЕК (4325 теңге) мөлшерінің ұлғаюына байланысты арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерінің мөлшері артты.

Зейнетақылар мен жәрдемақыларды жаңа мөлшерде төлеу үшін қажетті қаражат республикалық бюджетте толық көлемде көзделген. Бұл төлемдердің уақытылы және тұрақты жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Облыс бойынша 290,1 мыңнан астам зейнетақы мен жәрдемақы алушының (оның ішінде зейнетақы алушылардың саны – 89550 адам) төлем мөлшерін қайта есептеу автоматты түрде жүргізілді. 2026 жылдан бастап барлық төлем алушыға көбейтілген мөлшердегі төлемдері төленуде.

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің облыс бойынша департаменті

«Сыр медиа» ЖШС және аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің ұжымы әріптесіміз Алтын Ізтілеуоваға сілкілі

Аружан Әсетқызының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

2026 жылы I тоқсанда «Жалағаш ауданының қоғамдық даму бөлімі» КММ бөлім басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы бөлімнің қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі					
№	Жеке қабылдау жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке қабылдау жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Еспенбет Жасұлан Ерданұлы	Бөлім басшысы	Әр аптаның сейсенбі күні сағ: 15.00-18.00 аралығы	Жалағаш кенті Өйтеке би №12	31-9-99

Сараптама

Әлем әбігер үстінде

Әлемдегі ахуал қазір құбылып тұр, бұрын бірқатар ұйым тек Ресей мен Украина арасындағы дауға бас қатырса, қазір АҚШ-та айналасына қыр көрсетуді шығарды. Одан әрі Қытай да маңындағы ұсақ елдердің тәуелсіздігін мойындамайтынын ашық айтуға көшті. Осындай жайттарға қарап «Державалар дүние жүзін бөліске салуды бастап кетті ме?» деген заңды сауал туындайды. Бірақ алпауыт елдер басшыларының көксегені не? Бұл жағы әзірге беймәлім.

Ресей-Украина: қос тарап қашан бітімге келеді?

2022 жылы 23 ақпанда Ресей Украина жеріне шабуылды бастап кетті. Мұны олар «арнайы әскери операция» дейді. Ал БҰҰ, Amnesty International және Human Rights Watch халықаралық гуманитарлық ұйымдар Ресей қарулы күштері Украинаның халық мекен еткен аудандарына, ауруханаларға және басқа да әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына зымйрандық соққылар жасағанын дәлелдеп отыр. Сондықтан олар бұл дауды «арнайы әскери операция» емес, «ашық соғыс» деп бағалайды.

Бұған қатысты Путиннің де өз уәжі бар, тіпті көшегі мәлімдемесінде ол да Еуропа елдеріне қыр көрсетті. «Біздің Еуропа елдеріне соғыс ашу ойымызда жоқ, бірақ олар өздері бастап бізбен соғысуға бел буса, Ресей соғысуға дайын. Украина жеріне біздің бұл әрекетіміз «арнайы әскери операция» болғандықтан барлығы баяу жүреді. Ал ашық соғыс болса, кез келген мемлекетке жауабы тез беріледі» деді ол.

НАТО-ның бас хатшысы Марк Рютте Ресейдің майдан даласында бірқатар аумақты басып алуын «әлеусіз жетістіктер» деп бағалайды. Сондай-ақ ол бұл жетістікке Ресейдің үлкен құрбандықпен барғанын айтады. «Салдарынан 100 мыңнан астам ресейлік құрбан болды» дейді. Олар бұған қатысты Трамптың пікірін қоштап отыр, яғни Ресей осы жерден тоқтауы тиіс.

Қазір екі ел арасындағы бұл қақтығыстың басталғанына төртінші жылға таяды. Бірқатар ұйым мен державалар мәселеге алаңдаушылық білдірген соң Украинаның үміті оянған. Сорақысы сол көрініске әлем бас қатырған мәселе уақыт өткен сайын ұшығып барады.

Трампп екінші мәрте Президент болар алдында басты мақсаты Ресей мен Украина арасындағы соғысты тоқтату екенін ашық айтқан. Сондай-ақ ол бұл қолынан келетінін де жасырмады. Бірақ ол қалай жүзеге асады? Қос тарапқа қандай ортақ шешім айтады? Бұл жағы жабулы қалды. Ал соңында Трамп Украинаға Ресей басып алған аумақтарды берсе, соғыстың тоқтайтынын айтқан. Бұған Зелинский бастапқыда үзілді-кесілді қарсы болды. Бұл шешімге негізі Путин де разы. Өйткені бұл мәселеге АҚШ араласпай тұрып та Ресей Президенті Украинаға осындай талап қойған.

Өткенді зерделесек, негізінен Ресей мен Украина арасындағы дау кеше-бүгін пайда болған жоқ. Рас, 1917 жылы РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі Украинаны дербес мемлекет деп мойындайды. Араға бір жыл салып Украинада РКФСР елшілігі ашылды. Тіпті екі ел арасындағы дипломатия 1922 жылға дейін орнады. Бұл КСРО-ның құрылуымен тұспа-тұс келеді.

1990 жылы қос ел арасында Қара теңіз флоты меншігі мен инфрақұрылымына қатысты мәселе үлкен дауға ұласты. Әлі де Мәскеу Киев меншігіндегі Қырымдағы базаларынан қол үзгісі келмейді. Украина көрініске теңіз флотының инфрақұрылымы мен барлық мүлкін қайта жасақтауға әрекет жасады.

Араға бір жыл салып Украина Ресей және Беларусь елдерімен бірге КСРО-ны тарқатқан Белобөке келісіміне қол қойды. Ресей ТМД және арзан газдың көмегімен ықпалын сақтап қалуға тырысты. Бірақ ресейліктердің ойлағаны толық іске аспады. Олар Беларусь елімен одақтық мемлекет



құрса, Украина Батысқа бет алды. Әрине, бұл Кремльге ұнай қойған жоқ.

Украинада әлемдегі үшінші ірі ядролық арсенал мен миллионға жуық әскер бар. «Будапешт меморандумы» кезінде Киев зымырандарын қауіпсіздік кепілдігі және экономикалық көмек үшін Ресейге берді. Киев НАТО-ға қосылса, ол елге ықпал ету мүмкіндігін жоғалтады. Алайда Батыс елдері Украинаны өздеріне жақын тартпады. Оның үстіне НАТО Украинаға әлі есік ашқан жоқ.

2003 жылы Ресей Керчь бұғазында Украинаның Тузла аралына қарай бөгет салуды бастады. Киев мұны шекараны қайта бөлу әрекеті ретінде қабылдады. Қақтығыс Президенттердің жеке кездесуінен кейін тоқтады. Бірақ екі ел арасындағы достыққа тағы да сызат түсті. 2004 жылғы Украинадағы президенттік сайлауда Ресей Виктор Януковичтің кандидатурасын құптаған. Бірақ «алаяқтық жасады» деген айып оның жеңіске жетуіне кедергі келтірді. Соңында Батысшыл саясаткер Виктор Ющенко Президент болды. Оның жеңісі Ресей саясатындағы өзгерістердің бастапқы нүктесіне айналды.

2008 жылы Бухарестте өткен НАТО саммитінде АҚШ Президенті Джордж Буш Украина мен Грузияға Мүшелік әрекет жоспарын алуға тырысты. Путин үзілді-кесілді қарсылық танытып, Мәскеу Украинаның тәуелсіздігін толық мойындамайтынын ашық айтты. Германия мен Франция Буштың жоспарына тосқауыл қойды. Посткеңестік елдерге де, Украинаға да, Грузияға да НАТО-ға мүше болу туралы уәде берілді. Бірақ нақты қай күні екені айтылмады.

2013 жылдың жазында Ресей Украина жаппай экономикалық қысым көрсетіп, бұл елдің шекарадағы экспортын тоқтатқан. Сол жылдың қарашасында Украина Үкіметінің Еуроодақпен келісімге қол қояудан бас тартуына байланысты елде жаппай наразылық басталды. Киев орталығында және «Еуромайдан» деп аталатын аймақтардағы ұзаққа созылған қақтығыс ақыры билікті күшпен басып алуға әкелді. 21 ақпанда Украина Президенті Виктор Янукович Киевтен кетті.

2014 жылы сәуірде ресми түрде Киев Украинаның шығысында әскери операция басталғанын хабарлады. Донбасста полиция бөлімшелері мен Украина армиясының бөлімшелері арасында алғашқы қарулы қақтығыс басталды. Соңғылары Харьковтағы жағдайды өз бақылауына алып үлгерді. 2014 жылы 11 мамырда Донецк және Луганск облыстарында референдум өтіп, олардың 89,7 пайызы Донецк облысында, 96,2 пайызы Луганск облысында аймақтардың өзін-өзі билеуіне дауыс берген. Кейін мемлекеттік егемендігі жарияланды.

2014 жылдың жазы Украинаның оңтүстік-шығысындағы ауыр шайқастармен есте қалды. Украина Президенті Петр Порошенко қызметіне кіріскеннен кейін полиция позицияларына ауқымды қарсы шабуыл басталды. Славянск, Краматорск, Мариуполь, Северодонецк сияқты ірі қалалар украин әскерінің бақылауына алынған. ДХР жақтастары Донецьке бақылау орнатып, оны Украина Қарулы Күштері мен Ішкі істер министрлігінің қалған бөлімшелерінен тазартты. Антитеррорлық операцияның украиндық күштерінің шабуылы Иловайск маңында жеңіліске ұшырады. Қоршаудан шығу кезінде 366 жауынгер қаза тауып, 150-ден астам адам хабарсыз кеткен.

Мұнан кейін 2022 жылы тағы қақтығыс басталды. Содан бері қазір қаншама уақыт өтті. Бірақ қос тарап әлі де бейбіт бітімге келер емес.

Венесуэла Президенті қамауға алынды

Әлем үшін жаңа жыл жақсылықпен басталған жоқ. Төрткүл дүние Ресей мен Украина арасындағы қақтығыстан назар алмай отқанда тосыннан Трамп мінез шығарды. Өткен жылдың соңында АҚШ Венесуэла жағалауында ірі мұнай танкерін тәркілеген. Мұны Трамп Ақ үйде өткен брифингте ашық айтқан. Венесуэла да қарап қалмады, тіпті олар бұған қақтысты Ақ үй басшысын айыптаған. Мұнан кейін қос ел арасындағы қақтығыс ұшыға түсті. Мұның салқыны қара алтын бағасына да әсер етті. Демде қара алтын құны қымбаттап, Венесуэла ОПЕК-ке шағымданды.

Трампп әкімшілігі танкердегі жүктерді ресми түрде тәркілеу үшін сот ісін бастауға дайын екенін айтты. АҚШ бас прокуроры Пэм Бонди танкерді тұтқындау ордеріне қол қойылғанын хабарлады. Сөзінше, танкерге бірнеше жыл бойы санкция салынған. Алайда АҚШ-тың шектеуіне қарамастан Венесуэла мұнайды жасырын түрде Иранға жеткізіп отырған. Американың мұнайды ашық түрде тәркілеуі Каракас пен Вашингтон арасындағы шиеленісті одан әрі ұшықтыра түсті. Өйткені Трамп Президент Николас Мадуроны қызметінен кетугін талап етті. Бұлай болмаған жағдайда аймақта әскери күш қолданатынын ашық түрде мәлімдеді.

Солдай болды да, АҚШ Венесуэланың Каракас қаласына әуе соққыларын жасады. Венесуэла Президенті жұбайымен бірге ұсталып, елден эвакуацияланған болатын. Николас Мадуро мен оның әйелі Силия Флореске наркотерроризмге қауысты, тарқатып айтсақ, кокаин өкелу, пулеметтер мен жарылғыш құрылғыларды сақтау, АҚШ-қа қарсы пулеметтер мен жарылғыш құрылғыларды иемдену үшін сөз байласу айыптары тағылды. Сол күні Венесуэланың Жоғарғы соты вице-президент Делси Родригеске ел президентінің міндетін атқаруға міндеттеді.

Венесуэланың бұрынғы Президенті Николас Мадуро мен оның әйелі Нью-Йорктегі федералды сот ғимаратына келді. Ерлі-зайыпты алдымен Нью-Йорк турмесінен сот ғимараты жанындағы ауданға тікұшақпен жеткізілген. Содан кейін олар сот ғимаратына брондалған көлікпен барды. Алғашқы сот мәжілісінде Мадуро мен оның әйелі өздеріне тағылған кінәні мойындамады. Нью-Йоркте Венесуэла Президентіне қатысты сот ісі бойынша алғашқы тыңдау аяқталды. Мадуроға «есірткі терроризміне байланысты сөз байласу, кокаин контрабандасы, пулеметтер мен жарылғыш құрылғыларды сақтау және оларды АҚШ-қа қарсы қолдануды жоспарлау» айыптары тағылып, төрт рет өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы қауіп төнді. Келесі сот отырысы 17 наурызға қалды.

Дональд Трамп Truth Social әлеуметтік желісіндегі парақшасында өзін Венесуэла Президентінің міндетін атқарушы ретінде көрсететін суретті жариялады. Truth Social желісінде жарияланған суретте Трамптың қаңтардан бастап Венесуэланың Президенті міндетін атқарып отырғаны көрсетілген. Құжатта оның бұл қызметке 2026 жылдың қаңтарында та-

ғайындалғаны жазылған. Сонымен қатар оның АҚШ-тың Президенті лауазымы да сақталатынын көрсетілген.

АҚШ Конгресі Венесуэлаға қатысты әрекеті үшін Трампты айыптады. Сотта Мадуро өзін «әлі де Венесуэланың Президентімін және тағылған айыптар бойынша кінәлі емеспін» деп мәлімдеді. Оның жұбайы да өз кінәсіздігін алға тартты.

Кейін Делси Родригес Венесуэланың уақытша президенті болып тағайындалды. Алғашында ол АҚШ-тың әрекеттерін қатаң айыптап, Мадуроны босатуды талап еткен. Алайда кейін Трампқа жолдаған үндеуін жариялап, венесуэлалықтардың «соғысқа емес, бейбіт өмірге лайық екенін» айтты. Сондай-ақ АҚШ үкіметін ынтымақтастық бағдарламасы аясында бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Бұл мәлімдеме Трамп Венесуэла АҚШ-пен ынтымақтаспаса, жаңа соққы беруге бұйрық беруі мүмкін екенін ескерткеннен кейін жасалды. Сонымен қатар АҚШ Президенті Родригеске де қоқан-лоқы жасап, өгер ол дұрыс шешім қабылдамаса, жазасы Мадуродан да ауыр болуы мүмкін екенін айтты.

Төл валюта үшін төңкеріс кімдерге тиімді?

Жыл аяғында басталған көтеріліс әлі де толастап емес, көрініске қазір Иран да ахуал күрделеніп барады. Ресми мәліметтерге сүйенсек, қазірдің өзінде наразылық кезінде қаза тапқандар саны 500-ден асқан.

Бұл деректі бірінші болып АҚШ-та орналаcқан құқық қорғаушы белсенділер агенттігі мәлімдеді. Онда Иранда болып жатқан наразылық кезінде 490 бейбіт тұрғын мен 48 қауіпсіздік қызметі қаза тапқаны айтылған. Ал 10 мыңнан аса адам ұсталды. Иран билігі әлі де қаза тапқандардың санын ресми түрде жариялаған жоқ. Жаппай наразылық былтыр 28 желтоқсанда басталған.

Ирандағы жаппай халық көтерілісі негізінен елдегі экономикалық дағдарысқа байланысты туындады. Жыл соңында Иранның төл валютасы күрт құнсызданып, инфляция шарықтады, азық-түлік пен күнделікті тұтыну тауарларының бағасы халық үшін қолжетімсіз деңгейге жетті. Жұмыссыздықтың өсуі мен халық табысының төмендеуі әлеуметтік жағдайды одан әрі ұшықтырды.

Алғашында наразылықтар саудагерлер мен қарапайым тұрғындардың экономикалық талаптарынан басталған. Олар қымбатшылыққа, мемлекет қаржысының тиімсіз жұмсалыуына және халықтың тұрмысын жақсартуға нақты шаралардың жоқтығына қарсы шықты. Кейін бұл наразылықтар кеңейіп, билікке сенімсіздік, жемқорлыққа қарсылық, саяси және азаматтық еркіндіктерді талап ету сияқты саяси сипат алды.

Жалпы тізе берсек, қазір әлем толқып тұр, әсіресе алпауыт елдердің соңғы жылдардағы әрекеті бірқатар ұйымды алаңдатып отыр. Тіпті олардың теріс әрекетін тұсауға бірнеше мәрте салынған санкция да оң әсер ете алмады. Ресей мен Украина қашан бейбіт келісімге келеді? Жалпы державалар тәуелсіз мемлекеттердің шл мәселесіне араласуды қашан тоқтатады? Сауал көп, ал оның түйінін тарқатудың тиімді тұсы әзірге беймәлім. Сондықтан қалған мәселенің шешімін алдағы уақыттың еншісіне қалдырдық.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



Нью-Делиде өтіп жатқан халықаралық кітап жәрмеңкесінде Қазақстан авторларының туындылары кеңінен таныстырылды. Азиядағы ең ірі мәдени алаңдардың бірі саналатын бұл жәрмеңкеде Қазақстан экспозициясы көрермен назарын ерекше аударды.

Үнді оқырмандары қазақ тарихына қызығады



Ұлттық стөндке қазақ әдебиетінің классикалық және заманауи үлгілері, сондай-ақ елдің тарихы мен мәдениетін танытатын басылымдар қойылды. Ұйымдастырушылар көрмеге баспагерлер мен аудармашылар ғана емес, Үндістанның жетекші университеттерінде оқитын студенттер де ерекше қызығушылық танытқанын айтады.

Тарих ғылымдарының докторы Саттар Мәжитовтың сөзінше, қазақ тарихына деген сұраныс айрықша байқалған. Ол Делидегі көрме үндістандық студенттер тарапынан үлкен қызығушылық тудырғанын жасырмайды. Әсіресе Дели университеті, Джавахарлал Неру университеті, Ганди университеті секілді жоғары оқу орындарының өкілдерінен көп сұрақ қойылған. Сауалдардың басым бөлігі Қазақстан тарихына қатысты көрінеді. Көрмеде ел тарихына арналған кітаптар, қазақ тіліндегі бес томдық «Қазақстан тарихы», Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасы туралы басылым, сондай-ақ Мырза Хайдар Дулатидің еңбектері ұсынылған.

Үндістандағы халықаралық кітап жәрмеңкесі жарты ғасырдан астам уақыттан бері өткізіліп келеді және Азиядағы ең ірі әдеби алаңдардың бірі саналады. Сонымен қатар бұл ел әлемдік кітап нарығы бойынша алдыңғы үштікте. Осы себепті мұндай алаңға шығу қазақ әдебиетін халықаралық кеңістікке танытуға жол ашады.

Филолог Айнур Ахметова соңғы жылдары қазақ әдебиетінің ағылшын тілді аудиторияға жүйелі түрде таныстырылып келе жатқанын атап өтті. Соңғы жылдары ол Кембридж университеті шығарған екі антологияны ұсынып жүргенін айтады. Оларға XX-XXI ғасырдағы қазақ авторларының шығармалары енген. Бірі прозаға, екіншісі поэзияға арналған. Жазушы Әлішер Рахат та көрмеде қазақ әдебиетінің бірнеше тілде ұсынылғанын ерекше маңызды қадам деп бағалады.

Нью-Делидегі халықаралық кітап жәрмеңкесі 18 қаңтарға дейін жалғасады. Қазақстан экспозициясын әзірлеуге Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ұлттық кітапхана және Қазақстанның Үндістандағы елшілігі атсалысқан. Ұйымдастырушылардың пікірінше, мұндай жобалар шетелдік оқырманды қазақ әдебиетімен таныстырып, елдер арасындағы мәдени байланыстарды нығайтады.

Финляндия Оттава конвенциясынан шықты

Финляндия жаяу әскерге қарсы миналарды қолдануға тыйым салатын Оттава конвенциясы құрамынан ресми түрде шықты. Бұл шешім Ресейдің Украинаға қарсы соғысы аясында елдің қорғаныс саясатын қайта қарауымен байланысты.



Фин билігі енді жаяу әскерге қарсы миналарды өндіруге, сақтауға және пайдалануға заңды құқық алады. Мұндай қадам Ресеймен шектесетін 1300 шақырымдық мемлекеттік шекараны нығайту қажеттілігімен түсіндірілді.

Соңғы жылдары қауіпсіздік қатерлерінің күшеюіне байланысты Финляндия бірқатар қорғаныс шарасын жүзеге асырып келеді. Атап айтқанда, шығыс шекарада шамамен 200 шақырым қоршау салу жоспарланған, жерасты инфрақұрылымы мен азаматтық қорғаныс паналары дамып жатыр, ауқымды әскери оқу-жаттығулар өткізіліп, халықты эвакуациялау жоспарлары жаңартылған.

Сарапшылардың пікірінше, бұл шешім Еуропадағы қауіпсіздік ахуалының түбегейлі өзгергенін көрсетеді. Ресеймен шекара енді ынтымақтастық аймағы емес, қорғаныс шебі ретінде қарастырыла бастады.

Е.АНУАРҰЛЫ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2983 Тапсырыс №45
---	---	--	---	--